

# «Мерейлі отбасы» байқауы мәресіне жетті

Отбасы құндылығын насихаттап, жанұялардың қоғамдағы орнын арттыруға арналған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңі қорытындыланды.

Байқау үздіктерін марапаттау шарасы Қазақ жасөспірімдер театрында салтанатты түрде өтті. Елімізде 2014 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан «Мерейлі отбасы» байқауының өзге бәсекелерден шоқтығы биік, мәртебесі жоғары. Себебі, бұл байқау елдігіміздің негізін қалайтын өнегелі, өнерлі, тәрбиелі һәм талантты, бір сөзбен айтқанда ең үздік отбасыларды анықтайтын жоба. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттауға арнайы келіп, құттықтауын жеткізген қала әкімі Эльдар Қонысбайұлы да осыны тілге тиек етті.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңіне қатысқан биылғы үміткерлердің де ішінде осалы жоқ, Әр отбасы түрлі салада жетістікке жеткен. Өзіндік жанұя құндылықтары қалыптасқан қатысушылар. Арнайы қазылар алқасы осы үздіктердің ішінен үздігін анықтауға тиіс болды. Қатысушы отбасылардың барлық жетістіктері сан қырынан саралана отырып, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінің бас жүлдесі СОКОЛОВТАР отбасына табыс етілді. Бұл жанұяның отағасы Леонид СОКОЛОВ пен жары Тамара СОКОЛОВА отбасылық кәсіп ашып, бүгінгі уақытта сол еңбегінің жемісін жеп отыр.



Балалары Виктор мен Сергей, келіндері Гүлмира мен Елена да осы бизнестің өркендеуіне үлес қосып келеді. Төрт бірдей немере тәрбиелеп, өмірден түйгендерін ұрпақтарына үйретіп, отбасы болып салуатты өмір салтын ұстанады.

Ал, байқаудың 1 орындық жүлдесі көпбалалы отбасына бұйырды. Ол 7 бала тәрбиелеп өсірген СУХАНОВТАР отбасы. Марапаттау рәсімінде жүргізушілер бұл жанұяны :

«Отағасы - Қалдыбай Қалтайұлы 1984 жылы еңбек жолын Тармақ бастауыш мектебінде мұғалім болып бастаған. 1999 жылдан бастап Фурманов орта мектебінің мұғалімі болып жұмыс атқарып келеді. Отанасы Айсулу Рахымжанқызы, СУХАНОВТАР - 7 бала тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасы. Елге сыйлы, қоғамға қосқан үлгілі істерімен, Республикалық, облыстық, қалалық деңгейде мәдениет пен өнердің дамуына зор үлес қо-

суымен белгілі. Отағасы қолөнер шеберлігімен танымал», - деп көпшілікке таныстырды.

«Мерейлі отбасы» байқауының қалалық кезеңінде 2 -ші орын екі бірдей жанұяға берілді. Олар: НҰҒЫМАНОВТАР мен СУРОВЦЕВТАР отбасы. Восточный ауылынан келген НҰҒЫМАНОВТАР жанұясының отағасы Бауыржан Бәшірұлы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің зейнеткері. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай

министрінің «Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін» I, III дәрежелі медалмен марапатталған. Қалалық, облыстық деңгейдегі кір тасын көтеру сайыстарында және қазақ күресі мен дзюдодан да талай додада топ жарған палуан. Отанасы Айнұр Ерденқызы Шоқан Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Жалғасы 3 бетте